

Нұрлы-көш орта мектебі КММ

2021-2022 оқу жылы

Қамқоршылық кеңестің №2 отырысы хаттамасы

Өткізілген күні: 23.11.2021

Өткізілген орны: Нұрлы-көш орта мектебі КММ

Қатысқандар: мектеп әкімшілігі, кеңес мүшелері

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. 1 тоқсандағы жұмыс нәтижелерін талдау. Оқушылардың құқықбұзушылықтарының алдын алу мәселелерін талдау
2. Жаңа жыл шыршаларына қатысатын балалардың тізімін бекіту
3. ҚР Тұңғыш Президенті күніне және Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған іс-шараларды ұйымдастыруға көмек көрсету

Тыңдалды:

Кеңес төрағасы Әліп А.Е. жиналғандарға бүгінгі жиынның мақсат-міндеттерін айта отырып, күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырды.

Күн тәртібіндегі алғашқы мәселе бойынша ДТІЖО Коразбекова М.К. сөз алып, 1-тоқсандағы жұмыс нәтижелерімен таныстырды. Оқу жылы басында негізінен ұйымдастыру шаралары жүзеге асырылып, дәстүрлі түрдегі балалардың қауіпсіздігі мен құқықбұзушылығының алдын алуға бағытталған шаралар өткізілгендігін айтты.

Жарыссөз: ҚК мүшесі полиция инспекторы Сыдық А.Б. қыркүйек айында балалардың қауіпсіздігіне арналған «Абайлаңыз, балалар!» республикалық акциясында мектеппен бәрге жұмыс жасап, балаларға жол-көлік оқиғаларынан сақтану шаралары т.б. туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілгенін айтты.

Жаңа жыл шыршаларына қатысатын балалардың тізімін бекіту бойынша әлеуметтік педагог Иманова Г.Е. қазіргі таңда әкім шыршасына қатысатын балалар туралы ешқандай хат, талап келмегендігін айтты. Дегенмен, мектептегі әлеуметтік мәртебеге ие балаларды алдыңғы кезекте жіберу баста назарда екендігін айтты.

Жарыссөз: Кеңес мүшесі Шуканова Н.Н. әкім шыршасына алдымен жетім балалар мен аз қамтылған отбасы балалары міндетті түрде жіберілуі қажеттігін, дегенмен, ол балалардың ішінен бұрын бармаған балаларды ұсыну қажеттігін айтты.

Кеңес мүшесі Избасқанова С.Е. де озат оқушылардың да, сонымен қатар қолайсыз отбасы балаларының да назардан тыс қалмауын ескеру қажеттігін айтып өтті.

Сонымен қатар, кеңес мүшелері ҚР Тұңғыш Президенті күніне және Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған іс-шараларды ұйымдастыруға көмек көрсету мәселесі бойынша Абишова Н.Р. кеңес мүшелері тарапынан қандай да бір көмек қажет болса, көмектесуге дайын екендігін айтты. Бірақ, ДТІЖО

ұйымдастырылғалы отырған іс шаралар мектептегі жауапты мамандардың көмегімен жүзеге асырылатынын айтып, алғысын білдірді.





Кеңес соңында қаралған мәселелер бойынша қаулы қабылданды.

ҚАУЛЫ:

I тоқсандағы жұмыс нәтижелерін талдау. Оқушылардың құқықбұзушылықтарының алдын алу мәселелерін талдау қорытындысы «қанағаттанарлық» деп танылсын. Құқықбұзушылықтың алдын алу шаралары жалғасын тапсын.

Жаңа жыл шыршаларына қатысатын балалардың тізімін бекітуде жетім балалар мен әлеуметтік мәртебеге ие, қолайсыз отбасы балаларының назардан тыс қалмауы ескерілсін.

ҚР Тұңғыш Президенті күніне және Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған іс-шараларды ұйымдастыру шараларына кеңес қажеттігіне сай кеңес мүшелері тарапынан көмек көрсетілсін.

Төраға:		Әліп А.Е.
Орынбасары:		Жолмағамбетова Н,Ж.
Мүшесі:		Сыдық А.Б.
Мүшесі:		Жубанвшева З.К.
Мүшесі:		Бижанова Ж.К.
Мүшесі:		Шуканова Н.Н.
Мүшесі:		Талманова А.
Мүшесі:		Абишова Н.Р.
Мүшесі:		Избасқанова С.Е.
Хатшысы:		Коразбекова М.К.